

Кредит желісін беру (ашу) туралы келісімге қосылу шарты

Кредит желісін беру (ашу) туралы келісімге қосылу шарты стандартты болып табылады және Келісімге қол қою арқылы жасалады.

Келісімге қол қою осы құжатқа қол қойған тұлға Қосылу шартының талаптарымен толық танысқанын және оларды толық көлемде қабылдайтынын білдіреді. Қосылу шарты Банктің Интернет желісіндегі: www.halykbank.kz веб-сайтында орналастырылған.

Қосылу шарты, Келісім, Қосылу шарты шеңберінде ресімделетін басқа құжаттар бірыңғай құжат ретінде қарастырылады.

Қосылу шартында, Келісімде, Қосылу шарты шеңберінде ресімделетін басқа құжаттарда Қосылу шартының «Терминдер мен қысқартулар» 11-бабында көрсетілген терминдер мен қысқартулар пайдаланылуы мүмкін.

1-бап. Кредит желісін беру талаптары

1. Банк Кредит желісін және Кредит желісі шеңберінде Құралдарды берудің жеке талаптарын анықтайтын Қосылу шартына сай Банк пен Заемшы арасында жасалатын Келісімнің талаптарына сәйкес Кредит желісін ашады.

Егер заем Контрагенттің қосымшасы арқылы алынған болса, Банк Заемшыға алынған Заем және Шарт/Келісім/Жеке талаптар туралы ақпаратты Контрагенттің қосымшасында ұсынады.

Банк Заемшыға алынған барлық заемдар туралы, соның ішінде алынған заемның (заемдардың) сомасы, сыйақы мөлшерлемелерінің мөлшері, заемды (заемдарды) өтеу мерзімдері, төлем күндері, комиссиялардың және заемды берумен және оған қызмет көрсетумен байланысты өзге де төлемдердің (болған жағдайда) атаулары мен мөлшері туралы мәліметтерді қамтитын ақпаратты Банктің Halyk Super App мобильді қосымшасында (бұдан әрі – HSA қосымшасы) ұсынады.

2. Кредит желісі жаңартылатын болып табылады. Кредит желісін ашу Заемшының:

- Банк бөлімшесінде,

- HSA қосымшасында;

- Банк тиісті келісім жасасқан Банк серіктестерінің мобильді қосымшасында (бұдан әрі – Контрагент қосымшасы) Келісімге қол қоюы кезінде жүзеге асырылады.

Заемшы Банктің техникалық мүмкіндіктердің болуына және Контрагентпен ынтымақтастық талаптарына байланысты Halyk Widget SDK-дағы Құралдарға қолжетімділікті шектей алатынына келіседі.

3. Заемшыға берілетін кредит желісінің мөлшерін Банк Өтініш беруші берген ақпараттың, сондай-ақ басқа ақпарат көздерінен алынған мәліметтердің, соның ішінде кредиттік бюроның кредиттік есебінің негізінде оның Кредиттік скорингі нәтижелері бойынша өз бетінше белгілейді.

4. Кредит желісі шеңберінде Заемшы мерзімділік, ақылылық, қайтарымдылық талаптарымен, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу үшін Құралдардың мынадай түрлерін ала алады:

1) Біржолғы заем;

2) Револьверлік қосалқы лимит;

3) Бөліп төлеу арқылы сатып алуға арналған қосалқы лимит;

4) Тауарлай заем.

5. Құралдың түрі, сондай-ақ ол бойынша Заем берудің жеке талаптары Келісімде және (немесе) Жеке талаптарда анықталады.

6. Заемшының Кредит желісі шеңберінде алған бір Заемы немесе жиынтықта бірнеше Заемдары бойынша міндеттемелер сомасының ең жоғары мөлшері Келісімде көрсетілген Кредиттік лимиттің мөлшерімен шектеледі және одан асып кете алмайды.

7. **Шартты/Келісімді/Жеке талаптарды бекіту күні мен орны, оның/олардың нөмірі, Банктің және Заемшының деректері,** Заемның мақсаты, сомасы, валютасы мынадай тәртіппен анықталады:

Шартты бекіту күні мен орны Келісімді бекіту күні мен орны болып табылады. Шартты бекіту күні мен орны, Жеке талаптардағы оның нөмірін анықтау кезде, Шартты бекіту күні мен орны, оның нөмірі ретінде Келісімнің деректері көрсетіледі, сондай-ақ Банк қосымша Жеке талаптарға жекелеген нөмір беріп, Заемшыға Жеке талаптар берілген және ол Қашықтағы байланыс арналарында акцептеген күнді көрсетеді.

Банктің және Заемшының мәліметтері, Заемның мақсаты, сомасы, валютасы Келісімде және (немесе) Жеке талаптарда анықталады.

8. **Заемның мерзімі** Келісімде және (немесе) Жеке талаптарда анықталады.

Заем мерзімі Картаның қолданылу мерзімі шеңберінде айқындалады, ол отыз алты айды құрайды. Картаны, Кредит картасын оның қолданылу мерзімін ұлғайта отырып, қайта шығарған жағдайда, Заем, Кейінгі заемдар мерзімі қайта шығарылған Картаның, Кредит картасының қолданылу мерзіміне ұзартылуы мүмкін.

Заем және Кейінгі заемдардың мерзімі Қосылу шартында белгіленген Кредит желісі мерзімінің шегінде айқындалады немесе одан асып кетуі мүмкін. Егер Заем және Кейінгі заем мерзімі Шарттың қолданылу мерзімінен асып кетсе, Шарт осы мерзімге ұзартылуы мүмкін.

9. Заемды пайдаланғаны үшін **сыйақы мөлшерлемесінің түрі**, сыйақы мөлшерлемесінің жылдық пайыздармен көрсетілген мөлшері, сыйақының Шарт бекітілетін күнгі салыстырмалы түрде есептелген нақты, жылдық, тиімді мөлшерлемесінің мөлшері Келісімде және (немесе) Жеке талаптарда анықталады.

Кредит желісі шеңберінде заемдарды пайдаланғаны үшін Сыйақы мөлшерлемесінің Ең жоғары мөлшері жылдығы _____ % (_____ пайыз) құрайды, бұл ретте ең жоғары Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі (шынайы, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеудегі Сыйақы мөлшерлемесі) _____ % (_____ пайыз) құрайды.

Банк Кредит желісінің шеңберінде Кредит желісінің ең жоғары Сыйақы мөлшерлемесі мөлшерінен төмен болатын Сыйақы мөлшерлемесімен заемдар беруге құқылы.

10. **Өтеу тәсілі және тәртібі:**

Заемды/Берешекті өтеу үшін ақшаны Банк жұмыс күндері қабылдайды. Егер Банктің нақты бір бөлімшесінде басқаша көрсетілмесе (Банк бөлімшелерінің жұмыс тәртібін интернет желісіндегі Банктің www.halykbank.kz веб-сайтынан білуге болады) және (немесе) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде (жұмыс күндерін ауыстыру туралы) басқаша белгіленбесе, сенбі, жексенбі және мереке күндерінен басқа, аптаның барлық күндері жұмыс күндері болып табылады.

Шарт бойынша төлемдерді Заемшы Банк бөлімшелерінде не болмаса өзіне-өзі қашықтан қызмет көрсету құрылғысының көмегімен Астана қ. уақыты бойынша сағ. 18.00 дейін іске асырады. Егер Шарт бойынша төлем Астана қ. уақыты бойынша сағ. 18:00 кейін іске асырылатын болса, мұндай төлем келесі жұмыс күні жасалған деп есептеледі.

Егер Заемшы Төлем кестесі бойынша негізгі борышты және (немесе) сыйақыны өтеу күні төлемді жүзеге асырмаса (Төлем кестесі бойынша соңғы төлем күнін қоспағанда), онда Банк заемшыға Грейс-кезең беруге құқылы, бұл жағдайда негізгі борышты және (немесе) сыйақыны өтеу күні тұрақсыздық айыбы мен айыппұл санкцияларының өзге түрлерін төлеместен (Револьверлік қосалқы лимит және Бөліп төлеуге арналған сатып алулар қосалқы лимиті құралдарын қоспағанда) одан кейінгі келесі күнтізбелік күнге ауыстырылады.

Банк Заемшыға Грейс-кезең берген жағдайда, Төлем кестесі бойынша жоспарлы төлем күні одан кейінгі келесі күнтізбелік күн деп есептеледі. Төлем кестесіне өзгеріс енгізу талап етілмейді.

Жоспарлы өтеу күні демалыс немесе мереке күнінің алдындағы күнге келсе, Грейс-кезең демалыс немесе мереке күніне беріледі. Заемшы заемды осы берілген күні өтеуі тиіс.

Егер Заемшы Төлем кестесіндегі соңғы төлем күні төлемді жүзеге асырмаса, онда Банк Заемшыға грейс-кезең беруге құқылы, бұл жағдайда негізгі борышты және (немесе) сыйақыны өтеу күні тұрақсыздық айыбы мен айыппұл санкцияларының өзге түрлерін төлеместен (Револьверлік қосалқы лимит және Бөліп төлеуге арналған сатып алулар қосалқы лимиті құралдарын қоспағанда) одан кейінгі келесі күнтізбелік күнге ауыстырылады. Бұл ретте заем мерзімі 1 күнге ұзартылады. Заемшының заем мерзімін 1 күнге ұзартуға акцепті ретінде оның банктік шотында Төлем кестесіне сәйкес негізгі борышты және (немесе) сыйақыны өтеуге жеткілікті сомадағы ақшаның болуы есептеледі. Төлемді өтеу үшін ақша сомасы жеткіліксіз болған жағдайда, заем мерзімі ұзартылмайды.

Заемшыға Грейс-кезең берілген жағдайда, мерзімі өткен берешек Төлем кестесі бойынша жоспарлы төлемнің күнтізбелік күнінен кейінгі екінші күні мерзімі өткен деп танылады.

Банк Заемшыға грейс-кезең берілгені туралы SMS немесе Push хабарлама (орнатылған HSA мобильді қосымшасы және/немесе Контрагенттің Қосымшасы (егер заем Контрагенттің Мобильді қосымшасы арқылы алынған болса) болған жағдайда және онда мұндай функция болғанда, мобильді телефон экранында пайда болатын қысқа хабарламалар) жіберу арқылы хабарлайды.

Заемшының Келісім және (немесе) Жеке талаптар бойынша Берешегінің мөлшерінен асып кететін, Карт-шотқа ақша салған күні пайда болатын сомада Карт-шотқа ақша салынған болса және де мұндай арту мынадай мәндерден: 10 000 теңге/30 АҚШ доллары/25 Еуродан артық болса, Банк Берешек мөлшерінен асатын соманы кез келген ағымдағы шотқа, соның ішінде Заемшының Банкте ашылған кез келген Карт-шотына қайтаруға құқылы. Бұл ретте Кредит желісінің валютасы Заемшының өтеу жүзеге асырылатын Карт-шотының валютасынан өзгеше болса, Банк Заемшы Берешегінің мөлшерінен асатын және осындай Карт-шотқа аударылатын соманы айырбасталатын күні Банктің қолданыстағы тарифтеріне сәйкес Банктің айырбастау үшін комиссиясын ұстап, айырбасталатын күні Банктің ағымдағы бағамымен айырбастайды.

Басқа жағдайларда өтеу тәсілдері мен тәртібі Келісімде анықталады.

11. **Өтеу әдісі** Келісімде анықталады.

12. **Өтеу кезектілігі** Келісімде анықталады.

13. Заемды қайтару және (немесе) Сыйақы төлеу бойынша міндеттемелер бұзылған жағдайда Заемшы Банкке тұрақсыздық айыбын төлейді, оны есептеу тәртібі мен мөлшері Келісімде көрсетіледі.

14. **Комиссиялар мен басқа да төлемдердің толық тізбесі**, сондай-ақ Заемды берумен және оған қызмет көрсетумен байланысты өндіруге жататын олардың мөлшері Келісімде және (немесе) Жеке талаптарда көрсетіледі.

15. **Заемшы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған кезде Банк қабылдайтын шаралар:**

1) мерзімі өткен берешек болған кезде Банк мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірілмейтін мерзімде Заемшыға Шарт бойынша міндеттемені орындау бойынша мерзімін өткізіп алудың туындағаны және хабарламада көрсетілген күнге мерзімі өткен берешектің мөлшерін көрсете отырып, Шарт бойынша төлемдер енгізу қажеттілігі; Шарт бойынша Заемшының Банкке жүгіну құқығы және Заемшының Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамау салдары туралы хабарлама жібереді;

2) Заемшы Қосылу шартының осы тармағының 1) тармақшасында көзделген хабарламада көрсетілген мерзімде берешекті өтеу жөніндегі міндеттемелерді орындамаған жағдайда, Банк:

Заемшының шоттары бойынша шығыс операцияларын уақытша тоқтатуға;

Заемшының банктік шоттарындағы ақшаны даусыз (акцептсіз) тәртіпте өндіріп алуға құқылы.

3) Заемшы Қосылу шартының осы тармағының 1) тармақшасында көзделген хабарламада көрсетілген мерзімде берешекті өтеу жөніндегі міндеттемелерді орындамаған, сондай-ақ Қосылу шартының 5-бабы 1-тармағының 1.10) тармақшасында көзделген құқықтарды Заемшы Шарт бойынша іске асырмаған немесе Заемшы мен Банк арасында Шарттың талаптарын өзгерту бойынша келісім болмаған жағдайда, Банк Қосылу шартының осы тармағының 2) тармақшасында көрсетілген шаралардан басқа, Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Шартта көзделген кез келген өзге де шараларды қолдануға құқылы.

16. Келісімге қол қойған және (немесе) Жеке талаптарды алған кезде Банк Біржолғы заемның, Тауарлай заемның Міндетті төлемінің немесе Револьверлік қосалқы лимит бойынша ЕАТ мөлшерін Заемшыға Қосылу шартының 8-бабында көзделген тәртіпте хабарлама жіберу арқылы хабарлайды.

Бөліп төлеу арқылы сатып алу үшін қосалқы лимит бойынша Міндетті төлемнің мөлшерін Банк Заемшыға ай сайын, Есеп айырысу кезеңінің қорытындысы бойынша ағымдағы айдың жиырма бесінші күніне дейінгі мерзімде sms-хабарлама жіберу арқылы хабарлайды.

2-бап. Кредит желісі шеңберінде Заемды беру талаптары

1. Келісім бекітілетін күні Кредит желісінің мерзімі ол бекітілген күннен бастап 10 (он) жылға белгіленеді және Құрал бойынша Заем берілетін кезде ұзағырақ мерзімге, осы Заем берілетін мерзімге автоматты түрде ұзартылуы мүмкін.

2. Заемды алу мүмкіндігін, сондай-ақ оны берудің жеке талаптарын Банк өз бетінше, Өтініш беруші Өтініш бергеннен кейін, Өтініш берушінің/Заемшының Кредиттік скорингі негізінде белгілейді.

3. Кредиттік скорингтің нәтижелері бойынша Өтініш беруші/Заемшы Банктің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, Банк Өтініш берушіге/Заемшыға Заемды беруден бас тарта алады.

4. Кредит желісі шеңберінде Құралдар бойынша Заем беруді Банк Заемшының Қашықтағы байланыс арналарының көмегімен берілетін өтініші негізінде, Заемшыны сәйкестендіру рәсімінен өткен жағдайда немесе Заемшы жеке өзі Банкке өтініш білдірген кезде жүзеге асырады.

5. Құралды таңдауды Заемшы Қашықтағы байланыс арналарының көмегімен Өтініш беретін кезде немесе Заемшы Банкке жеке өзі өтініш білдірген кезде, сондай-ақ Қашықтағы байланыс арналары немесе Заемшы жеке өзі Банкке өтініш білдірген кезде Келісімге қол қойып және (немесе) Жеке талаптарды алып Банк ұсынысының Акцепті арқылы өз бетінше жүзеге асырады.

6. Заемшыдан Өтінішті немесе Банктің Заем алу туралы ұсынысының Акцептін Заемшы алғаннан кейін:

1) Банк қашықтағы байланыс арналары арқылы Заемшыға Заемның берілуін мақұлдау және оны беру талаптары туралы немесе Заемды беруден бас тартқаны туралы ақпараты бар Қашықтағы байланыс арналары арқылы хабарлама немесе Сенімді нөмірге sms-хабарлама жібереді;

2) Банкке жеке өзі өтініш білдіргенде, Заемның берілуін мақұлдау және оны беру талаптары туралы немесе Заемды беруден бас тарту туралы ақпаратты Заемшыға Банктің Кредит жөніндегі менеджері ауызша жеткізеді.

7. Қашықтағы байланыс арналары арқылы Заемды алу туралы Өтінішті беру кезінде немесе Банк ұсынысы Акцептісі кезінде және Заемның берілуін мақұлдау туралы Банктен хабарламаны, сондай-ақ Жеке талаптарды алған кезде Заемшы мына тәсілдердің біреуімен мақұлданған Заемның талаптарымен келісетінін растайды:

1) Заемшының Сенімді нөміріне Банктен келген sms-хабарламадағы не болмаса Заемшының Қашықтағы байланыс арналарында іс-әрекеттер жасауы кезіндегі хабарламадағы ОТР-парольді Қашықтағы байланыс арналарына орналастырылған тиісті нысандарда қою және жіберу жолымен;

2) электрондық сандық қолтаңбаны пайдалану арқылы (техникалық мүмкіндік болған жағдайда).

8. Банк пен Заемшы арасында іскерлік қарым-қатынас орнату қашықтан, Заемшының Бакке жеке өзі өтініш білдірмей, Заемшыны биометриялық сәйкестендіру рәсімін қолдану арқылы жүзеге асырылуы мүмкін (техникалық мүмкіндік болған жағдайда).

9. Заемшының Жеке талаптармен келісімін білдіру үшін Қосылу шартының осы бабының 7-тармағында көрсетілген тәсілдердің біреуін қолдануы, сонымен қатар Заемшының Банкке жеке келіп, қол қоюы Заемшыда Қосылу шарты, Келісім және Жеке талаптар бойынша міндеттемелердің туындауына және оларды толық көлемде қабылдауына себеп болады.

3-бап. Құралдарды беру және пайдалану ерекшеліктері

1. Заемды беруді Банк Келісімде және (немесе) Жеке талаптарда көрсетілген Заем сомасын тиісті Құралдың Карт-шотына есепке жатқызу арқылы іске асырады, осыдан кейін берілуі Заемшының Карт-шотына есепке жатқызу және кейіннен Кәсіпкердің шотына аудару арқылы жүзеге асырылатын Тауарлай заемды Банктің беру жағдайларын қоспағанда, Заем сомасы Заемшы пайдалану үшін қолжетімді болады.

2. Заемды беру фактісі төлем операциясының жүргізілгенін растайтын кез келген төлем құжаттарымен, соның ішінде Заемшының Карт-шотынан үзінді көшірмемен расталады.

3. Заемды беруді Банк Қосылу шартында белгіленген тәртіпте, мынадай ерекшеліктерді есепке алумен жүзеге асырады:

3.1. Біржолғы заемды беру және пайдалану:

1) Біржолғы заемды беру Банктің ақшаны Карт-шотқа есепке жатқызуы арқылы іске асырылады;

2) Ақша Карт-шотқа есепке жатқызылған күн Біржолғы заемды беру күні, оны қайтару күні – Заемшының Банк алдындағы берешекті өтеу күні болып табылады;

3) Сыйақы негізгі борыштың қалған сомасына есептеледі;

4) Біржолғы заем Заемшының басқа тұтынушылық заемдарын қайта қаржыландыру мақсаттарына берілуі мүмкін. Қайта қаржыландыру мақсаттарына Біржолғы заемның берілуі Өтініш берушінің Банкке жеке өзі өтініш білдіргенде ғана не болмаса Homebank.kz қаржы порталы арқылы және/немесе SDK Halyk Widget арқылы Контрагенттің қосымшасында (Контрагенттің қосымшасында мұндай функция болғанда) іске асырылады;

5) Біржолғы заем өтелгеннен кейін немесе оның әрекет ету мерзімі ішінде Банк Кредит лимитінің Қолжетімді сомасы болған жағдайда Клиентке жаңа Біржолғы заем беруге не болмаса қолда бар Біржолғы заемның сомасын ұлғайтуға құқылы;

6) Біржолғы заемды өтеу Төлемдер кестесіне сәйкес, бір бөлігін Банк Негізгі борышты өтеуге, бір бөлігін Сыйақыны, басқа да төлемдерді (бар болса) төлеуге жіберетін тіркелімді сомада теңдей төлемдермен іске асырылады;

3.2. Револьверлік қосалқы лимитті беру және пайдалану:

1) Заемшы мұндай операция сомасын өзінің Карт-шоттағы ақша сомасынан асыра отырып, мынадай операцияларды жүргізген сәтте:

қолма-қол ақша беру және/немесе

аудару және/немесе

төлем, соның ішінде Келісімде көзделген Банк комиссияларын төлеу немесе

Банк Шартта көзделген Банктің комиссияларын төлеу үшін Заем сомасынан ақшаны алып алу сәтінен бастап Револьверлік қосалқы лимит Заемшыға берілген болып саналады.

2) Қосылу шартының осы тармағының 1) тармақшасында көрсетілген операция жасалған күн Револьверлік қосалқы лимит берілген күн болып табылады. Қайтару күні – Заемшының Банк алдындағы берешекті өтеген күні.

Сыйақы Негізгі борыштың қалған сомасына есептеледі;

3) Револьверлік қосалқы лимит жаңғыртылатын болып табылады. Пайдаланылған Револьверлік қосалқы лимит/Револьверлік қосалқы лимиттің пайдаланылған бөлігі өтелген күннен бастап оның сомасы өтеу сомасына қалпына келтіріледі және Заемшының кейіннен пайдалануы үшін қолжетімді болады;

4) Револьверлік қосалқы лимитті/Револьверлік қосалқы лимиттің бір бөлігін пайдалану Есеп беру кезеңінде іске асырылады. Револьверлік қосалқы лимиттің сомасы /Револьверлік қосалқы лимит сомасының бір бөлігі Револьверлік қосалқы лимит/Револьверлік қосалқы лимиттің бір бөлігі пайдаланылған күнге қарамастан Есеп беру кезеңінде пайдаланылған болып саналады;

5) Кредиттік картаға жылдық қызмет көрсеткені үшін Банкке комиссия төлеу былайша іске асырылады: бірінші жылы қызмет көрсеткені үшін – Револьверлік қосалқы лимит сомасы Карт-шотқа берілген күні; екінші және кейінгі жылдары қызмет көрсеткені үшін – Кредиттік карта жоғалған, бүлінген, жойылған, қолданылу мерзімі аяқталған жағдайда, басқа да себептер бойынша шығарылған не болмаса қайта шығарылған сол күнтізбелік айдың ішінде, жыл сайын.

Кредиттік картаға жылдық қызмет көрсеткені үшін комиссияны және Келісімде және (немесе) Жеке талаптарда көзделген басқа да комиссияларды алу Банктің Карт-шоттан Револьверлік қосалқы лимит сомасынан комиссия сомасын есептен шығару арқылы іске асырылады және қайтарылуы ЕАТ төлеу арқылы іске асырылатын Револьверлік қосалқы лимит сомасын пайдаланумен танылады;

6) Банк Револьверлік қосалқы лимит мерзімі аяқталғанша кем дегенде күнтізбелік 1 (бір) ай бұрын Заемшыға Банктің Револьверлік қосалқы лимитті әрі қарай беру мүмкіндігіне қатысты басқа шешім қабылдағаны туралы Заемшыға хабарламаса, онда Револьверлік қосалқы лимитті Банк Заемшыға Револьверлік қосалқы лимит берудің алдыңғы мерзіміне тең келесі мерзімге берген болып есептеледі.

Заемшының Келісімге қол қоюы және (немесе) Заемшының Жеке талаптарды алу Заемшының осындай талаптармен келісуін білдіреді. Заемшының қосымша келісімі, соның ішінде Тараптардың Револьверлік қосалқы лимиттің мерзімін ұзарту туралы келісімге қол қоюы талап етілмейді;

7) Банк Револьверлік қосалқы лимиттің берілуін тоқтату туралы шешім қабылдаған жағдайда оның берілуі тоқтатылады. Кредиттік картаны пайдалануды Заемшы өз ақшасымен төлем операцияларын жасаған кезде жалғастыруы мүмкін;

8) «American Express» жүйесінің Кредиттік картасын пайдалану арқылы мына валюталардан: теңге, АҚШ доллары, еуродан өзге валютада шығыс операциялары жүргізілгенде, мұндай валютаны «American Express» жүйесі авторландыру сәтінде «American Express» жүйесі белгілеген бағам бойынша және тәртіпте АҚШ долларына, осындай операция сомасынан 2,5% мөлшерде айырбастау үшін комиссиялық сыйақыны өндіріп алумен айрбасталады. Айырбастау жүргізілгеннен кейін операциялар бойынша шоттардың сомасы мен валютасын «American Express» жүйесі авторландыруға сұрауда көрсетіледі;

9) Револьверлік қосалқы лимитті ішінара өтеу кезінде Заемшы Банкке төлейтін Револьверлік қосалқы лимит бойынша ЕАТ сомасы ай сайын, Негізгі борыш қалдығынан және Сыйақыдан (болған жағдайда) 5 % (бес) пайызды құрайды, бірақ 2000 теңгеден/15 АҚШ долларынан/10 еуродан кем емес,

ал Есеп айырысу кезеңінің аяғына Берешектің қалдығы 2000 теңгеден/15 АҚШ долларынан /10 еуродан аз болса – Берешек қалдығы мөлшерінде;

10) Жеңілдікті кезеңде Револьверлік қосалқы лимит бойынша Сыйақы есептеу жүргізілмейді;

11) Револьверлік қосалқы лимит және оны пайдаланғаны үшін Сыйақы Төлем кезеңінің кез келген жұмыс күнінде өтелуге (төленуге) жатады. Ішінара өтеу ай сайын, әрбір Төлем кезеңінің күнтізбелік соңғы күніне дейінгі мерзімде ЕАТ кем емес мөлшерде іске асырылады.

Төлем кезеңінің 24-ші (жиырма төртінші) күнінен соңғы күніне дейін Банк Заемшының Банкте ашылған банктік шоттарының кез келгенінен ақшаны ЕАТ сомасында немесе ЕАТ-тан кем сомада даусыз (акцептсіз) тәртіпте, егер осындай шоттардағы ақша сомалары ЕАТ төлеу үшін жеткіліксіз болса, банктік шоттан тікелей дебеттеу арқылы алып алады;

12) Револьверлік қосалқы лимиттің жалпы мерзімі картаның түріне қарай әртүрлі болып таабылатын және Есеп айырысу кезеңдеріне бөлінетін Кредиттік картаның қолданылу мерзімінен аспауы тиіс.

3.3. Бөліп төлеу арқылы сатып алу үшін Қосалқы лимит беру және пайдалану:

1) Бөліп төлеу арқылы сатып алу үшін Қосалқы лимит, Банктің POS – терминалдары орнатылған және олар (Банктің желісі) арқылы сатып алулар үшін төлем жүзеге асырылатын / Банктің POS – терминалдары орнатылмаған және сатып алулар үшін төлем басқа банктердің POS – терминалдары (басқа банктердің желілері) арқылы жүзеге асырылатын ССО-да сатып алу Операциясы жасалған жағдайда, Заемшы төлемді басқа банктер желісінің ССО-да Кредиттік картаны пайдалану арқылы жасау мүмкіндігі туралы Жедел байланыс құралдары арқылы берілген Банктің хабарламасын алған жағдайда Заемшыға берілген болып саналады.

Бөліп төлеу арқылы сатып алу үшін Қосалқы лимит шеңберінде бірнеше тауар, жұмыс немесе қызмет сатып алу үшін сатып алулар жасау елу сатып алудан аспауы тиіс.

ССО-да сатып алу Операциясының ең аз сомасы – бір мың теңге;

2) бөліп төлеу арқылы сатып алу үшін Қосалқы лимит Заемшының тауарларға, жұмыстар мен қызметтерге өз бетімен ақы төлеуі үшін Карт-шотқа ақша аудару жолымен ұсынылады;

3) ССО-да сатып алу Операциясының жасалған күні бөліп төлеу арқылы сатып алу үшін Қосалқы лимит берілген күні болып табылады. Қайтару күні – Заемшының Банк алдындағы Берешекті өтеу күні.

Сыйақы Негізгі борыштың қалған сомасына есептеледі;

4) бөліп төлеу арқылы сатып алу үшін Қосалқы лимит жаңғыртылатын болып табылады. Бөліп төлеу арқылы пайдаланылған Қосалқы лимитті/бөліп төлеу арқылы пайдаланылған Қосалқы лимиттің бір бөлігін өтеу күнінен бастап оның сомасы өтеу сомасына қайта қалпына келтіріледі және Заемшы әрі қарай пайдалану үшін қолжетімді болады;

5) Кредиттік картаны (болған жағдайда) бірінші жылы пайдаланғаны үшін жылдық қызмет көрсеткені үшін комиссия ССО-да сатып алу бойынша алғашқы Операция жасалатын сәтте есептеледі, оның нәтижесінде Кредит картасы іске қосылады және төлемді алғаш рет енгізетін кезде Міндетті төлем құрамында төленуге жатады.

Кредиттік картаны (болған жағдайда) кейінгі жылдары пайдаланғаны үшін жылдық қызмет көрсеткені үшін комиссия Кредиттік карта іске қосылған күннен әрбір жыл аяқталған соң осындай әрбір жылы ССО-да сатып алу бойынша алғашқы Операция жасалатын сәтте есептеледі және ең жақын кезекті Міндетті төлем құрамында төленуге жатады;

6) Бөліп төлеу арқылы сатып алуға арналған Қосалқы лимит бойынша кредиттік карта Заемшы Кәсіпкерлерден сатып алатын тауарларға, жұмыстар мен қызметтерге қолма-қол ақшасыз төлеу үшін ғана қолданылуы мүмкін және де Карт-шоттан қолма-қол ақшаны алу үшін қолданылмайды;

7) Банк Карт-шот және Кредиттік карта бойынша Қосылу шартының осы тармағының 6) тармақшасында көзделген шектеулердің әрекетін Қосылу шартының 6-бабы 2-тармағының 2.2) тармақшасында көзделген тәртіпте тоқтатуға немесе болдырмауға құқылы;

8) Заемшы ССП-да, өзге банктердің (өзге банктердің желісі) POS – терминалдары арқылы сатып алу бойынша операция орындау мүмкіндігі туралы Жедел байланыс құралдары арқылы жіберілген Банктің хабарламасын алған жағдайда, Заемшы осындай ССП-да бөліп төлеудің төрт айға тең мерзімімен сатып алу бойынша операцияны орындау үшін Бөліп төлеу арқылы сатып алуға арналған Қосалқы лимитті пайдалануға құқылы;

9) Бөліп төлеу арқылы сатып алуға арналған Қосалқы лимитті өтеу Төлем кезеңінде Заемшы Банктен алған sms-хабарламада көрсетілген ақпаратқа сәйкес мөлшері тіркелімді болып табылмайтын және Негізгі борыш қалдығы сомасына және жасалған сатып алулар санына байланысты сомада

Міндетті төлемді төлеу арқылы жүзеге асырылады, оның бір бөлігі Негізгі борышты өтеуге, басқа бөлігі өзге төлемдерді (болған жағдайда) төлеуге жіберіледі;

10) Бөліп төлеу арқылы сатып алуға арналған Қосалқы лимитті өтегенде Міндетті төлемнің Негізгі борышты өтеуге жіберілген бөлігі Бөліп төлеу арқылы сатып алуға арналған Қосалқы лимит шеңберінде әрбір жекелеген сатып алудың сомасын әрбір сатып алу, техникалық Овердрафт (басталған күнінде өтелмеген жағдайда), тұрақсыздық айыбы мен Заемшы Берешегінің өзге сомаларының (болған жағдайда) бойынша ұсынылған бөліп төлеу мерзімінің айлар санынан бөлу арқылы есептеледі;

11) Бөліп төлеу арқылы сатып алуға арналған Қосалқы лимит бойынша Берешектің сомасы Төлем кезеңінің кез келген күні, бірақ әрбір айдың (төлем күні) он бесінші күнінен кешіктірмей, Міндетті төлемнен кем емес мөлшерде өтелуі тиіс;

3.4. Тауарлай заемды беру және пайдалану:

1) Тауарлай заемды беру Заемшының карт-шотына ақшаны есепке жатқызып, Банк Заемшыға ұсынылған тауарлар, жұмыстар мен қызметтер үшін Тауарлай заем сомасын Келісімде және (немесе) Жеке талаптарда анықталатын Кәсіпкердің банктік шотына аудару арқылы жүзеге асырылады;

2) Ақша Карт-шотқа есепке жатқызылған күн - Тауарлай заемды беру күні, Заемшы Банк алдында Берешекті өтеу күні оның қайтару күні болады.

Сыйақы Негізгі борыш қалдығы сомасына есептеледі;

3) Тауарлай заемды өтегеннен кейін немесе оның әрекет ету мерзімі ішінде Банк Заемшыға жаңа Тауарлай заем ұсынуға құқылы;

4) Тауарлай заемды өтеу ай сайын Төлемдер кестесіне сәйкес тіркелімді сомадағы тең төлемдермен жүзеге асырылады, оның бір бөлігін Банк Негізгі борышты өтеуге, екінші бөлігін Сыйақыны, өзге төлемдерді (болған жағдайда) төлеу және т.б. төлеуге жібереді.

4-бап. Өзге талаптар

1. Сыйақы күн сайын Заем бойынша Негізгі борыш қалдығы сомасына Заем сомасын беру күнінен бастап және Заемшы оны толық өтегенге дейін есептеледі.

Біржолғы заем және Тауарлай заем бойынша бір жыл - күнтізбелік үш жүз алпыс күнге тең болып, ал бір ай күнтізбелік отыз күнге тең болып қабылданады.

Револьверлік қосалқы лимит бойынша және Бөліп төлеу арқылы сатып алуға арналған Қосалқы лимит бойынша Заемды пайдаланғаны үшін Сыйақы есептегенде айдағы күндердің нақты саны (күнтізбе бойынша) ескеріледі, бұл ретте бір жыл күнтізбелік үш жүз алпыс күнге тең болып қабылданады.

Заем қайтарылған күнінде Сыйақыны есептеу жүргізілмейді.

2. Заемшы Заемды игеруді Картаны немесе Кредиттік картаны оның ішінде банкомат, Homebank.kz қаржы порталы, касса және терминалды, сондай-ақ Контрагенттің қосымшасын пайдалану арқылы жүзеге асырады.

3. Келісімде көрсетілген Сенімді нөмірді Заемшы Банкке жеке өтініш білдіру арқылы немесе Қашықтағы байланыс арналары (мұндай функция болғанда) арқылы өзгерте алады.

4. Заемшы Қосылу шартының 5-бабы 1-тармағының 1.7-тармақшасында белгіленген мерзімде жақсарту талаптарын қолданудан бас тарту туралы жазбаша хабарлама ұсынбаған жағдайда, жақсарту талаптары Заемшы қабылдаған болып есептеледі.

5-бап. Тараптардың құқықтары мен міндеттері, Банк үшін шектеулер

1. Заемшы:

1.1. Жазбаша өтініш бойынша Шарт жасаған күннен бастап күнтізбелік 14 (он төрт) күннің ішінде Банк Заем ұсынған күннен бастап есептелген Сыйақыны төлеумен Заем сомасын, тұрақсыздық айбын және айыппұл санкцияларының басқа да түрлерін төлеместен, толық қайтаруға;

1.2. Револьверлік қосалқы лимит және Бөліп төлеу арқылы сатып алуға арналған Қосалқы лимит бойынша кез келген уақытта Негізгі борышты түгелдей немесе Жеке талаптардың және (немесе) Келісімнің талаптарына сәйкес есептелген Сыйақыны ішінара төлеу отырып, немесе егер Жеке талаптардың және (немесе) Келісімнің талаптары бойынша Сыйақы есептелмейтін болса, ондайды төлеусіз және толық немесе ішінара мерзімінен бұрын өтеу үшін тұрақсыздық айыбын және айыппұл санкцияларының өзге түрлерін төлеусіз мерзімінен бұрын қайтаруға;

1.3. Біржолғы заем және Тауарлай заем бойынша жазбаша өтініштің немесе Қашықтағы байланыс арналары арқылы (техникалық мүмкіндік болған жағдайда) берілген өтініштің негізінде:

1) бір жылға дейін мерзімге берілген Заемды алған күннен бастап алты ай өткен соң, бір жылдан артық мерзімге берілген Заемды алған күннен бастап бір жыл өткен соң тұрақсыздық айыбын немесе айыппұл санкцияларының басқа да түрлерін төлеместен;

2) бір жылға дейін мерзімге берілген Заемды алған күннен бастап алты айға дейінгі кезеңде Банктің тарифтеріне сай комиссия төлей отырып, Негізгі борышты ішінара немесе толық мерзімінен бұрын өтеуге;

1.4. Негізгі борышты және (немесе) Сыйақыны өтеу күні демалыс немесе мереке күніне сәйкес келетін болса, Заемды одан кейінгі бірінші жұмыс күнінде Заем сомасын қайтару және (немесе) Сыйақыны төлеу бойынша міндеттемені бұзғаны үшін тұрақсыздық айыбын төлеместен өтеуге;

1.5. өтініш бойынша үш жұмыс күннен артық емес мерзімде, бірақ айына бір реттен жиі емес Карт-шотқа Шарт бойынша Берешекті өтеу үшін түсетін ақшаның (Негізгі борышқа, Сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық айыбына және айыппұл санкцияларының басқа да түрлеріне, сондай-ақ төленуі тиіс сомаларға) бөлінуі туралы жазбаша ақпаратты Банктен ақысыз алуға құқылы. Банк ақпаратты Заемшы өтініш берген күніндегі жағдай бойынша ұсынады;

1.6. Заемды Банкке мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтару туралы өтініш бойынша үш жұмыс күнінен артық емес мерзімде жазбаша нысанда Негізгі борышқа, Сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық айыбына және айыппұл санкцияларының басқа да түрлеріне, сондай-ақ төленуі тиіс өзге де сомаларға бөлумен қайтарылуы тиіс сомалардың мөлшері туралы мәліметтерді алуға құқылы. Банк мәліметтерді Заемшы өтініш берген күніндегі жағдай бойынша ұсынады;

1.7. Шарт талаптарының Заемшы үшін жақсару жағына қарай өзгергені туралы хабарламаны алған күннен бастап күнтізбелік он төрт күннің ішінде жақсартатын талаптардан бас тарту туралы жазбаша хабарлама жолдау/ұсыну арқылы Банк ұсынған жақсартатын талаптардан бас тартуға;

1.8. алынып жатқан қызметтер бойынша даулы жағдайлар пайда болғанда, Банкке жазбаша өтініш жасауға;

1.9. Картаның және (немесе) Кредиттік картаның жарамдық мерзімі аяқталуынан күнтізбелік отыз күн бұрын Банкке міндетті түрде жазбаша хабарлама жолдап, Картаны және (немесе) Кредиттік картаны қайта шығарудан бас тартуға;

1.10. мерзімін кешіктіру басталған күннен бастап күнтізбелік отыз күннің ішінде Банкке барып және (немесе) міндеттемені орындау бойынша мерзімін кешіктірудің басталу себептері, кірістер және Шарт талаптарына өзгерістер енгізуді шарттайтын басқа да расталған жағдайлар (фактілер) туралы мәліметтерді қамтитын, оның ішінде:

- Шарт бойынша Сыйақы мөлшерлемесін төмендету жағына қарай өзгертуге;
- Заем шетел валютасында берілген жағдайда, Заем бойынша Негізгі борыш қалдығы сомасының валютасын өзгертуге;
- Негізгі борыш және (немесе) Сыйақы бойынша төлемнің мерзімін ұзартуға немесе бөліп төлеуге;
- Берешекті өтеу әдісін немесе Негізгі борышты басымдылық тәртіпте өтеуді қоса, Берешекті өтеу кезектілігін өзгертуге;
- Заем мерзімін өзгертуге;
- мерзімі кешіктірілген негізгі борышты және (немесе) Сыйақыны кешіру, тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды), комиссиялар мен Заемға қызмет көрсетумен байланысты өзге төлемдерді болдырмауға;
- тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) азайту жағына қарай өзгертуге немесе толығымен болдырмауға;
- Заемға қызмет көрсетуге байланысты қызметтер үшін комиссиялар мен басқа да төлемдерді азайту жағына қарай өзгертуге немесе толығымен болдырмауға байланысты жазбаша нысанда өтініш ұсынуға **құқылы**.

2. Банк құқылы:

2.1. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» заңының (бұдан әрі – Банктер туралы заң) 57-бабы 4-тармағында көзделген, сондай-ақ Шартта белгіленген жағдайларда Шарт талаптарын оларды Заемшы үшін жақсарту жағына қарай біржақты тәртіпте өзгертуге;

2.2. оны ұсыну туралы оң шешім қабылдағаннан кейін/ оны ұсыну туралы және Карт-шотқа ақшаны есепке жатқызу туралы оң шешім қабылдағаннан кейін Заем беруден бас тартуға/Револьверлік қосалқы лимиттің және Бөліп төлеу арқылы сатып алуға арналған Қосалқы лимиттің Қолжетімді

қалдығына қолжетімділікті шектеуге/Берешектің барлық сомасын заңнамада және Шартта белгіленген тәртіпте мерзімінен бұрын қайтаруды:

1. Заемшы өзінің қаржылық ахуалы туралы шынайы емес ақпарат ұсынса, оның ішінде қатысу үлестерінің, акцияларының меншіктенушісі Заемшы болатын Заңды тұлғаның Банк алдында мерзімі кешіктірілген Берешегі болған жағдайда;

2. Заемшының Карт-шоттарын қоса, банктік шоттарындағы ақшаны қоса алғанда, Заемшының мүлкінен өндіріп алынған немесе тыйым салынған жағдайда;

3. Банктің Шартты тиісті түрде орындауына әсер ететін Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптары өзгерген жағдайда;

4. егер Заемшы жалақыны, зейнетақыны Банктегі ағымдағы шоттан алса, Заемшы жалақылық жобалар бойынша басқа банкке қызмет көрсетуге (басқа банктерде ашылған ағымдағы шоттар арқылы жалақы, зейнетақы алу) көшкен жағдайда;

5. Заемшының/оның жұмыс берушісінің жазбаша хабарламасынан алынған немесе Банкке басқа дереккөздерден түскен ақпараттан Заемшының жұмыс берушімен еңбек қатынастарын тоқтатуы туралы (оның ішінде алдағы болатын) ақпарат болған жағдайда;

6. Заемшының азаматтығы өзгерген және (немесе) Қазақстан Республикасы аумағынан тыс жерге уақытша немесе тұрақты мекенжайға көшкен жағдайда;

7. Банктің пікірінше Заемшының Шарт бойынша міндеттемелерді бұзу қаупі туындаған жағдайда;

8. Заемшы Негізгі борыш қалдығына шамалас талап ету бағасымен жауапкер ретінде сот талқылауына қатысқан жағдайда;

9. Картаның, Кредиттік картаның (оның ішінде қайта шығарылғанның) жарамдылық мерзімі аяқталған күнде Заемшының Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған зейнеткерлік жасы басталған жағдайда (Заемшы оның талаптарына сәйкес зейнеткерлік жастың басталуы Заемды беруден бас тартуға негіздеме болып табылмайтын Құрал шеңберінде берілген Кредиттік картаның ұстаушысы болып табылатын жағдайларды қоспағанда);

10. Заемшының/оның жұмыс берушісінің жазбаша хабарламасынан алынған немесе Банкке басқа дереккөздерден түскен ақпараттан Заемшының жұмыс берушімен еңбек қатынастарын тоқтатуы туралы (оның ішінде алдағы болатын) ақпарат болған жағдайда;

11. Заемшы Заемның кезекті бөлігін қайтару және (немесе) Сыйақы төлеу мерзімін күнтізбелік қырық күннен артық мерзімге бұзған жағдайда;

12. Заемшы Заемды нысаналы мақсатына сай емес пайдаланған жағдайда;

13. Шарттың жарамдылығын әлдекімдер даулаған жағдайда;

14. Карт-шот бойынша үш айдан артық айналым болмаған жағдайда;

15. Заемшының Карт-шотында Овердрафт пайда болған жағдайда;

16. Банкке Қосылу шартының осы бабының 3.11-тармақшасында көрсетілген құжаттар ұсынылмаған жағдайда;

17. Банктің пікірінше Заемшының Шарт бойынша міндеттемелерді орындауды бұзу қаупі пайда болған жағдайларында;

18. Төлем картасын шығару және қызмет көрсету туралы шарт бұзылған жағдайда;

19. Банк Заемшының өзге тұтынушылық заемдарын қайта қаржыландыру мақсатында берген Біржолғы заемды нысаналы мақсатына сай пайдаланбаған жағдайда;

20. техникалық іркіліс расталған және комиссия, сақтандыру сыйлықақысы, ішкі қайта қаржыландыру есептен шығарылмаған жағдайда (олар болған кезде) талап етуге құқылы.

2.3. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және (немесе) үкіметаралық келісімдерге, және (немесе) Банктің ішкі құжаттарына сәйкес талап етілген қажетті ақпаратты және құжаттарды сұратуға және Банк көрсеткен мерзімде алуға құқылы, бұл ретте Заемшы мұндай ақпараттың және құжаттардың шынайылығы үшін жауап береді;

2.4. тиісті тексеру бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында көзделген шараларды қабылдау мүмкін емес болған жағдайда, сондай-ақ Заемшы іскерлік қарым-қатынастарды заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру мақсатында қолданатыны туралы күдіктер болған жағдайда, Заемшымен іскерлік қарым-қатынас орнатудан бас тартуға;

2.5. Заемшыны сәйкестендіру үшін қажетті мәліметтер мен құжаттарды, сондай-ақ салық резиденттігі, қызмет түрі туралы мәліметтерді ұсынуды Заемшыдан талап етуге;

2.6. мұндай операциялар заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру мақсатында қолданатыны туралы күдіктер пайда болған жағдайда, сондай-ақ Банк сұратан құжаттарды ұсынбаған және (немесе) ұсынудан бас тартқан жағдайда, Карт-шот бойынша операцияларды орындаудан бас тартуға немесе тоқтатуға;

2.7. Шарттан бір жақты бас тарту арқылы Заемшымен іскерлік қарым-қатынастарды:

1. операцияларды зерттеу барысында Заемшы іскерлік қарым-қатынастарды заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру мақсатында қолданатыны туралы күдіктер пайда болған жағдайда;

2. банктік Карт-шот бойынша операцияларды жүргізуден бірнеше рет бас тартқан немесе Заемшының кез келген банктік шоттары бойынша барлық операцияларды тоқтатқан жағдайда;

3. талаптары осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау шеңберінде Банкке қолданылатын, Заемшыға қатысты АҚШ, ЕО, Ұлыбритания және басқа елдердің немесе халықаралық ұйымның (БҰҰ және басқаларын қоса, бірақ шектелмей) құзыретіне сәйкес салынған санкциялар болған жағдайда;

4. Банкте Заемшының операциялары халықаралық экономикалық санкцияларының әрекетіне түсетіні туралы немесе халықаралық экономикалық санкциялардан жалтаруға бағытталғаны туралы болжамдауға негіздер болған жағдайда;

5. Заемшы Қосылу шартының осы бабының 3-тармағы 3.9 және 3.18-тармақшаларында айқындалған талаптарды орындамаған жағдайда;

6. заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) немесе терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы қолданыстағы заңнаманың және (немесе) Банктің ішкі құжаттарының талаптарында көзделген жағдайларда тоқтатуға;

2.8. Заемшыдан Шарт бойынша міндеттемелердің орындалуын талап етуге;

2.9. Заемшының Заемды қайтару және Сыйақыны төлеу міндеттемелерін орындау мақсаныда Карт-шоттан, сондай-ақ Заемшының Банкте, өзге банктерде және Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерде банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарды ашылған кез келген басқа банктік шоттарынан ақшаны төлем ордерін және (немесе) өзге төлем құжаттарын қолдана отырып, тікелей дебеттеу арқылы ақшаны даусыз (акцептісіз) тәртіпте алып алуға құқылы.

Ақшаны Заем валютасынан басқа валютада алып алған жағдайда, егер Банк өзге бағамды белгілемесе, ақшаны Банктің айырбастау күніндегі бағамы бойынша Заемшының акцептісіз (келісімінсіз) айырбастауға;

2.10. Револьверлік қосалқы лимит және Бөліп төлеу арқылы сатып алуға арналған қосалқы лимит шеңберінде жаңа Заемдар, жаңа сомаларды беруді:

1. Заемшының қаржылық жағдайының Банк талаптарына сәйкес келмеуген жағдайда;

2. Берешекті уақтылы өтеу бөлігінде Заемшының Шарт талаптарын бұзған жағдайда;

3. Қазақстан Республикасында немесе Қазақстан Республикасының банктік қызмет көрсету нарығында саяси және (немесе) экономикалық ахуалы нашарлаған жағдайда;

4. жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің меншіктенушісі Заемшы болып табылатын заңды тұлғаның Банк алдындағы міндеттемелерді орындау бойынша мерзімін кешіктіру пайда болған жағдайда;

5. Револьверлік қосалқы лимит және Бөліп төлеу арқылы сатып алуға арналған қосалқы лимит бойынша лимиттен асқан немесе Келісімде көзделген шектеуді бұзған жағдайда;

6. Қосылу шартының осы бабының 3-тармағының 3.11 және 3.19-тармақшаларында көрсетілген Банк құжаттарын ұсынған жағдайларда біржақты тәртіпте тоқтатуға;

2.11. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Заемшының қосымша келісімінсіз Банктер туралы заңда көрсетілген үшінші тұлғаларға, оның ішінде коллекторлық агенттіктерге Шарт бойынша Заемшыға кез келген құқықтарды (талаптарды) беруді жүзеге асыруға құқылы.

Банк Шарт бойынша үшінші тұлғаға құқықтарды (талаптарды) берген кезде, Банк пен Заемшының өзара қатынастарына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптар мен шектеулер Заемшының құқық (талап қою) берілген үшінші тұлғамен құқықтық қатынастарына қолданылады;

2.12. егер Заемшы Келісім және (немесе) Жеке талаптар бойынша міндеттемелерді орындаудың мерзімінің өтуіне жол берген кезде Заемшыны орындау мерзімінің өткені, Кредиттік шарт бойынша төлемдерді енгізу қажеттілігі және міндеттемелерді бұзудың салдарлары туралы хабардар ету үшін,

Заемшының Берешегін оларға сотқа дейінгі өндіріп алу және реттеуге беру үшін, сондай-ақ сотта және атқарушылық іс жүргізуде Банктің мүдделерін білдіру үшін коллекторлық агенттіктерді тартуға;

2.13. Заемшы туралы мәліметтерді және Келісім және (немесе) Жеке Шарттың талаптары жөнінде, Тараптардың өз міндеттемелерін орындауына қатысты ақпаратты, талаптарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын банктік және өзге де құпияны құрайтын өзге де ақпаратты, оның ішінде Дербес деректерді кез келген үшінші тұлғаларға (Банк келісім бекіткен коллекторлық агенттіктерді қоса алғанда), сондай-ақ Банктің еншілес ұйымдарына беруге, соның ішінде мұндай тұлғаларға тиісті құжаттарды беруге;

2.14. Заемшыны қаржыландыруды тоқтатуға және Берешекті толық көлемде өндіруге:

Заемшы:

1. Банкке өзекті, сенімді және тиісті ресімделген Заемшының және басқа да Дербес Субъектілердің деректерін беру және (немесе) беруді қамтамасыз ету бойынша міндеттемелерді,

2. Банкке ұсынылған Келісімдердің кез келгенін кері қайтару жағдайларының алдын алу бойынша, Банкке ұсынылған Келісімдердің кез келгенін жарамсыз деп тану, олардың шынайылығына әлдебіреулермен таласу, Дербес деректер Субъектілерінің Банкке ұсынған Дербес Субъектілер деректерінің жойылуы, бұғатталуы және дара биліктен айырылуы жөнінде талаптарды ұсынуына шаралар қолдану бойынша міндеттемелерді бұзған жағдайларда,

сондай-ақ:

1) Заемшының Банкке Келісімдер және (немесе) Дербес деректер Субъектілерінің дербес деректерін беру және (немесе) беруді қамтамасыз етумен байланысты Шарт бойынша міндеттемелерді бұзғаны салдарынан Дербес деректер туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін Банкке шаралар қолдану;

2) осындай шараларды қолдану нәтижесінде оларға келтірілген шығыстар мен шығындарды Банкке өтеу бойынша міндеттемелерді Заемшының бұзуы жағдайларда.

3. Заемшы:

3.1. Заемшының ақпараттарды/ оқиғалардың басталғанын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Банкке:

1) Заемшының кез келген банктердегі (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда және басқа да қаржы ұйымдарында) мүлкіне және (немесе) банктік шоттарына тыйым салу туралы;

2) Шарттың шынайылығын әлдебіреулермен таласу жөнінде;

3) өзінің пошта деректемелерінің, тұрғылықты тұратын жерінің мекенжайының, тіркелген мекенжайының (тіркелген орны), электрондық пошта мекенжайының (e-mail), Сенімді нөмірінің, басқа телефон нөмірлерінің, отбасы құрамының, жұмыс орнының (жұмыс берушіні ауыстыру), Заемшының тегі, аты, әкесінің атының (болған жағдайда) өзгеруі жөнінде;

4) Шарт бойынша міндеттемелерді Заемшының тиісінше орындауына теріс ықпал етуі мүмкін басқа жағдайлар туралы хабарлауға;

3.2. тарифтерге сәйкес Банк қызметтерін төлеуге;

3.3. Банктің алдын ала жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілгер (кепіл болушы) ретінде әрекет етпеуге, сондай-ақ үшінші тұлғалардың алдында Заемшының міндеттемелерін ұлғайтуға әкеп соқтыратын кез келген өзге және (немесе) Шарт бойынша Заемшының міндеттемелерін тиісті түрде орындауға кедергі келтіруі мүмкін өзге түрде мәмілелерді жасамауға;

3.4. Негізгі борышты өтеу бойынша Банк ұсынған кейінге қалдыру мерзімінің аяқталуына байланысты Заемды мерзімінен бұрын өтеген жағдайда, Негізгі борыш пен кейінге қалдырылған кезеңде есептелген, бірақ мерзімінен бұрын өтеген сәтте төленбеген Сыйақыны төлеуге;

3.5. Шарт бойынша Заемшының міндеттемелерін орындауға кедергі келтіретін жағдайлар басталған кезде, оларды бұзу қаупі туралы Банкке дереу хабарлауға;

3.6. Банктің талап етуі бойынша, Шартта көзделген және Банк белгілеген мерзімде Заемды мерзімінен бұрын қайтаруды, тиісті Сыйақыны, комиссияларды (болған жағдайда) және тұрақсыздық айыбын, сондай-ақ Заемшы Берешегінің кез келген өзге де сомаларын төлеуге;

3.7. техникалық овердрафтқа жол бермеуге, яғни, Карт-шоттағы Заемшының онда тұрған меншікті ақшасының қалдығының жалпы сомасынан жоғары ақшаны және Сатып алу бойынша Операцияны жасаған сәтте қолжетімді Револьверлік қосалқы лимит және Бөліп төлеу арқылы сатып алуға арналған қосалқы лимит сомасын жұмсамауға. Техникалық Овердрафтқа жол берілген жағдайда, мұндай Овердрафттың сомасын оған рұқсат етілген күні төлеу;

3.8. Қазақстан Республикасында және оның аумағынан тыс жерлерде (мұндай шоттың нөмірін және банктің атауын хабарлай отырып) банктерде (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда және өзге де кредиттік ұйымдарда) Заемшының банктік шоттар ашқаны туралы Банкке дереу хабарлауға;

3.9. Банктен талап етуді алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде соңғысына Шарт бойынша Заемшының міндеттемелерін бұзумен байланысты Банкке төленуі тиіс, тиісті құжаттармен расталған шығыстар мен шығындар сомасын тұрақсыздық айыбы сомасынан асатын сомада толық көлемде өтеуге;

3.10. Заемшының басқа тұтынушылық заемдарын нысаналы мақсатта қайта қаржыландыру мақсатында Банктің берген Біржолғы заемдарын пайдалануға. Біржолғы заемды/ оның бір бөлігін нысаналы пайдаланбаған немесе Банкке Заемның/ оның бір бөлігін нысаналы пайдалануын тексеру мүмкіндігін бермеген кезде, Келісімде белгіленген айыппұлды төлеуден басқа, Банктің талап етуі бойынша Заемды / нысаналы мақсатта пайдаланылмаған немесе нысаналы пайдалануы расталмаған оның бір бөлігін мерзімінен бұрын өтеуге;

3.11. Банктің талап етуі бойынша, егер мұндай табысты Заемшы мәлімдеген болса, Заемның өтеу көзі болып табылатын жалақы мен (немесе) өзге де кірістерді көрсететін және растайтын құжаттарды беру, сондай-ақ Банк қызметкерінің бизнес / жұмыс орнына кіруін қамтамасыз етуге;

3.12. өзінің қаржылық жағдайы және (немесе) Шарт бойынша міндеттемелерін уақтылы және толық көлемде орындау мүмкіндігіне кері әсерін тигізуі мүмкін өзге де мәліметтер туралы ақпаратты Банкке ашу;

3.13. Homebank.kz қаржы порталында және/немесе Контрагенттің қосымшасында әрбір күнтізбелік айдың бірінші күнінде Заем бойынша Берешектің жай-күйі туралы ақпаратты өзбетінше немесе тиісті Құралдың Карт-шотынан үзінді көшірмені алу үшін Банкке хабарласу арқылы алуға;

3.14. егер Келісімді бекіткеннен кейін Банк Заемшының: Банкпен ерекше қатынастармен және (немесе) Банктің Заемшылар тобымен байланысы, Банкпен ерекше қатынастары және (немесе) Банктің Заемшылар тобымен байланысы жоқ бір Заемшыға есептелетін тәуекел мөлшері, Банкпен ерекше қатынастармен байланысы бар бір Заемшыға есептелетін тәуекел мөлшері туралы ақпарат пайда болса, онда Банк белгілеген мерзімде Банктің Заемшы жағдайын «тұрақты»-дан төмен жіктемеу үшін қажетті әрекеттерді жасау (уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес);

3.15. егер Қосылу шартының осы тармағының 3.14-тармақшасында көзделген талаптарды бұзу Банкке айыппұлдар салуға әкеп соқтырса, Банктің талап етуі бойынша өтеу туралы Банктің талап етуімен хабарламаны алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде айыппұлдардың сомасын өтеуге;

3.16. Банктің бастапқы жазбаша талап етуі бойынша өзекті, сенімді және Заемшының және Банктің өзге көрсеткен дербес деректер Субъектілерінің тиісті түрде ресімделген Келісімін Банкке беруге және беруді қамтамасыз етуге;

3.17. мына:

- 1) кез келген Банкке ұсынылған Келісімді кері қайтару;
- 2) олардың шынайылығына әлдебіреулермен таласу;
- 3) кез келген Банкке ұсынылған Келісімді жарамсыз деп тану;
- 4) Дербес деректер Субъектілерінің Банкке ұсынған Дербес Субъектілер деректерінің жойылуы, бұғатталуы және дара биліктен айырылуы туралы талаптарды беруі;

5) Банкке Келісімдер және (немесе) Дербес деректер Субъектілерінің дербес деректерін беру және (немесе) беруді қамтамасыз етумен байланысты Заемшының міндеттемелерді бұзғаны салдарынан Дербес деректер туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін Банкке шаралар қолдану жағдайларды алдын алу бойынша шаралар қолдануға;

3.18. Банкке Келісімдер және (немесе) Дербес деректер Субъектілерінің дербес деректерін беру және (немесе) беруді қамтамасыз етумен байланысты Заемшының міндеттемелерді бұзғаны салдарынан Дербес деректер туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін Банкке қандай да шаралар қолданған жағдайда, оның шеккен кез келген шығыстары мен шығындарын Банкке өтеуге;

3.19. Қазақстан Республикасының Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына және/ немесе үкіметаралық келісімдерге және (немесе) Банктің ішкі құжаттарына және рәсімдерін орындау мақсатында талап етілетін Банктің белгіленген мерзімде қажетті мәліметтер пен құжаттарды ұсынуға міндеттенеді.

4. Банк:

4.1. Заемды қайтару үшін тұрақсыздық айыбын немесе айыппұлдың өзге түрлерін ұстамай, Заемды берген күннен бастап есептелген Сыйақыны ұстай отырып, Заемшыдан Шарт бекітілген күннен бастап күнтізбелік он төрт күн ішінде Заемды қабылдауға;

Контрагенттің қосымшасы арқылы заемды қайтару мүмкін болмаған жағдайда, Заемды қайтаруға өтінім және заемды өтеу үшін қажетті сома HSA қосымшалары арқылы беріледі;

4.2. Заемшының өтініші бойынша ақысыз, айына бір реттен көп емес, үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде Шарт бойынша Берешекті өтеуге келіп түскен ақша бөлінуі (Негізгі борышқа, Сыйақы, комиссиялар, тұрақсыздық айыптары және айыппұл санкцияларының өзге түрлеріне, сондай-ақ басқа төленуі тиіс сомалар) туралы ақпаратты жазбаша түрде беруге.

Банк ақпаратты Заемшы өтініш берген күндегі жағдай бойынша ұсынады.

4.3. Заемды үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде Банкке мерзімінен бұрын ішінара немесе толық қайтару туралы Заемшы берген Заемшының өтініші бойынша, қайтаруға жататын соманы бөліп көрсете отырып, Негізгі борыш, Сыйақы, комиссиялар, тұрақсыздық айыптары және айыппұл санкцияларының өзге түрлері, сондай-ақ басқа сомалар мөлшерін Заемшыға хабарлау. Банк Заемшының өтініш берген күнгі жағдайы бойынша ақпаратты ақысыз беруге;

Контрагенттің қосымшасы арқылы заемды қайтару мүмкін болмаған жағдайда, Заемшының Заемды Банкке ішінара немесе толық мерзімінен бұрын қайтару туралы өтініші және төленуі тиіс соманың өзі HSA қосымшасы арқылы Банкке жіберіледі;

4.4. Заемшыға Қосылу шартының 8-тармағында көзделген тәсілдермен Шарт талаптарының, оның жақсару жағына қарай өзгеруі туралы ол қолданысқа енетін болжалды күнге дейін кемінде күнтізбелік он төрт күн бұрын хабарлауға;

4.5. міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда, бірақ ол басталған күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей Заемшыны Шартта көзделген тәсілмен және мерзімде:

Шарт бойынша міндеттемені орындау бойынша мерзімін өткізіп алудың туындауы және хабарламада көрсетілген күні мерзімі өткен берешектің мөлшерін көрсете отырып, Шарт бойынша төлемдер енгізу қажеттігі; Заемшының Шарт бойынша Банкке жүгіну құқығы; Заемшының Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауының салдары туралы хабардар ету.

Хабарлама, егер ол Заемшыға Шартта көзделген келесі тәсілдердің бірімен жіберілсе, жеткізілді деп есептеледі:

Келісімде көрсетілген электрондық пошта мекенжайына;

Заемшының Келісімде көрсетілген тұрғылықты жері бойынша оның табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен жіберілген болса, оның ішінде көрсетілген мекенжай бойынша тұратын Заемшының кәмелетке толған отбасы мүшелерінің бірі алған болса; Заемшының хабарлама алғанын тіркеуді қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып жүргізіледі.

Хабарламаны адресатқа, алушыға берудің мүмкін еместігі туралы не оны қабылдаудан бас тартуға, сондай-ақ өзге байланыс құралын пайдалану кезінде оның қабылданғанын растамауына байланысты белгі соғылып қайтарған жағдайда хабарлама тиісті түрде жіберілген болып есептеледі;

4.6. Заемшының жазбаша өтінішін қарауға және жазбаша жауап дайындауға;

4.7. Қосылу шартының 5-бабы 1-тармағының 1.10-тармақшасында көзделген Заемшының өтінішін алған күннен кейін күнтізбелік он бес күн ішінде қарауға, Шарттың талаптарына ұсынылған өзгерістерді жазбаша нысанда немесе Шартта көзделген тәсілмен қарауға, Заемшыға: Шарт талаптарына ұсынылған өзгерістермен келісетіні; Шарт талаптарын өзгерту жөніндегі өз ұсыныстары; осындай бас тарту себептерінің уәжді негіздемесін көрсете отырып, Шарт талаптарын өзгертуден бас тартатыны туралы (туралы) хабарлауға; Шарттан туындаған келіспеушіліктерді реттеу үшін банктік омбудсменге жазбаша өтініш білдіруге; Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Заемшының өзге де ақпаратын/құқықтарын қоса;

4.8. заңнамада көзделген үшінші тұлғаларға құқықты (талапты) беру туралы шартты бекіткен кезде Заемшыға:

1) талап ету құқығын беру шартын бекіткенге дейін Қосылу шартының 8-бабында көзделген немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен үшінші тұлғаға құқықтардың (талаптардың) өту мүмкіндігі туралы, сондай-ақ осындай берумен байланысты Заемшының Дербес деректерін өңдеу туралы;

2) Заемды өтеу бойынша ары қарай тағайындалған төлемдер көрсетілген, талап етуді беру шарты бекітілген күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде Қосылу шартының 8-бабында және (немесе) Келісімде көзделген немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен үшінші тұлғаға құқықтың (талаптың) орнықты өтуі туралы (Шарт бойынша құқық (талап)

берілген тұлғаның атауы мен орналасқан жері, берілген құқықтардың (талаптардың) толық мөлшері, сондай-ақ Негізгі борыш, Сыйақылар, комиссия, тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) және басқа да төлемге жататын сомалардың мерзімі өткен және ағымдағы қалдық сомалары) хабарлауға **міндеттенеді**.

5. Банк:

5.1. Шартты бекіту күніне Заемға қызмет көрсету үшін комиссияны және басқа да төлемдерді есептеудің мөлшері мен тәртібін бір жақты тәртіппен өзгертуге;

5.2. жасалған Шарт шеңберінде бір жақты тәртіппен комиссияның жаңа түрлерін енгізуге;

5.3. Заемшыға өз өмірі мен денсаулығын сақтандыру міндеттемесін жүктеуге;

5.4. мына:

1) Банкте жаңа заемдар ұсынбау құқығы пайда болатын, Шартта көзделген жағдайларды;

2) Заемшының Банк алдында Шарт бойынша міндеттемелерін бұзу жағдайларын;

3) Банк халықаралық қаржы есептілігі стандарттарына сәйкес келетін Банктің ішкі кредиттік саясатына сәйкес жүргізген мониторингі нәтижелері бойынша анықталған Заемшының қаржылық ахуалы нашарлаған жағдайларын;

4) Қазақстан Республикасы заңнамасының Банктің Шартты тиісті түрде орындауына әсер ететін талаптары өзгеру жағдайларын қоспағанда,

жасалған Шарт шеңберінде жаңа заемдарды беруді біржақты тәртіпте тоқтата тұруға;

5.5. Заемшы үшін оларды жақсартудың төмендегі жағдайларды:

- Заемға қызмет көрсетуге байланысты көрсетілетін қызметтер үшін комиссия мен өзге де төлемдерді азаю жағына қарай өзгерту немесе толық жою;

- тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұлды) азаю жағына қарай өзгерту немесе толық жою;

- Шарт бойынша Сыйақы мөлшерлемесін азаю жағына қарай өзгерту;

- Шарт бойынша төлемдерді кейінге қалдыру және (немесе) бөліп төлеу;

- Банктің POS-терминалдарында орнатылмаған ССП-дағы Сатып алу бойынша операцияларды жүргізу мүмкіндігі және төлем өзге банктердің POS-терминалдары арқылы (өзге банктердің желілері) жүзеге асырылады;

- Шарт бойынша Құралдар шеңберінде Заемшы алуға құқылы Заемдардың санын ұлғаю жағына қарай өзгерту;

- Револьверлік қосалқы лимит және Бөліп төлеу арқылы сатып алуға арналған қосалқы лимит мөлшерін ұлғайту;

- Қосылу шартының 3-бабының 3.3-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген ССП-дағы Сатып алу бойынша операцияларын ең аз сомаға азайту жағына қарай өзгерту;

- Қосылу шартының 3-бабының 3.3 -тармағының 7) тармақшасында көзделген Карт-шот және Карта, Кредиттік карта бойынша шектеу әрекеттерін тоқтату немесе жоюды қоспағанда, Шарт талаптарын біржақты тәртіппен өзгертуге;

5.6. бір жылға дейін мерзімге берілген Заемды алған күннен бастап алты айға дейін, бір жылдан аса мерзімге берілген Заемды алған күннен бастап бір жылға дейін негізгі борышты ішінара немесе толық мерзімінен бұрын өтеу жағдайларын қоспағанда, Заемды мерзімінен бұрын өтеу үшін тұрақсыздық айыбын немесе айыппұл санкцияларының өзге түрлерін өндіріп алуға.

5.7. егер Негізгі борыш пен Сыйақыны өтеу күні демалыс немесе мереке күндеріне сәйкес келетін болса және Сыйақылар немесе Негізгі борыш келесі жұмыс күні төленген жағдайда, тұрақсыздық айыбын немесе айыппұл санкцияларының өзге түрлерін өндіріп алуға;

5.8. Қосылу шартының осы бабының 2-тармағының 2.3-тармақшасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Заемды беруді біржақты тәртіппен тоқтатуға және Банктің Шартты тиісті түрде орындауына ықпал ететін Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын өзгертуге **құқығы жоқ**.

6-бап. Заем бойынша міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындау. Тараптардың жауапкершілігі. Шарт талаптарының өзгеруі

1. Банк бастамасы бойынша міндеттерді мерзімінен бұрын орындауды Заемшы Банк оны талап еткен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүргізуі тиіс.

2. Заемшының бастамашылығы бойынша міндеттерін мерзімінен бұрын (толық немесе ішінара) орындау Заемшының мерзімінен бұрын өтеу күніне дейін бір жұмыс күні бұрын Банк белгілеген нысан бойынша Заемшының Заемды мерзімінен бұрын қайтару ниеті туралы өтініші негізінде жүзеге асырылады. Заемшы Шарт бойынша Заем сомасын (толық немесе ішінара) Банктің жазбаша келісімімен Банкке мерзімінен бұрын қайтаруға құқылы.

Заемшы Біржолғы заем, Тауарлай заемы бойынша ішінара мерзімінен бұрын өтеген немесе Сыйақы мөлшерлемесі өзгерген кезде Банк Заемшыға Қашықтықтан байланыс арналары немесе Банкке жеке өзі келген кезде жаңа Жеке талаптарды және/ немесе Төлемдер кестесін ұсынады.

Револьверлік қосалқы лимит және Бөліп төлеу арқылы сатып алуға арналған қосалқы лимит бойынша Сыйақы мөлшерлемесі өзгерген кезде, Банк Заемшыға Қашықтықтан байланыс арналары немесе Банкке жеке өзі келген кезде жаңа Жеке талаптарды ұсынады.

7-бап. Құпиялылық

1. Тараптар басқа Тараптан алынған және (немесе) Шартқа қатысы бар банк, коммерциялық және өзге де мәліметтердің құпиялылығын қамтамасыз етуге міндеттенеді. Осындай ақпаратты үшінші тұлғаларға беру (жариялау немесе жария ету және т.б.) Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей көзделген жағдайларда немесе басқа Тараптың жазбаша келісімімен немесе Заемшының Банкке берген жазбаша келісімімен қарастырылған жағдайларда, соның ішінде Келісімге қол қою арқылы мүмкін болады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Құпиялылық туралы ереже (банктік және басқа құпия, Дербес деректер) мынандай жағдайларда қолданылмайды:

- 1) Банкпен Шарт бойынша құқықтарды беру және қарызды аудару;
- 2) Банкпен Шарт бойынша Заемшының берешегін өндіріп алу туралы коллекторлық агенттіктерімен жасасқан шарт шегінде Заем туралы ақпаратты коллекторлық агенттіктеріне беруі;
- 3) Шарт бойынша Заемшының берешек сомаларын Банк Заемшының банктік шоттарынан тікелей алып қоюы және осыған байланысты үшінші тұлғаларға қажетті ақпарат беруі;
- 4) Банктің Заемшы туралы және Шарт жасасу туралы мәліметтерді, сондай-ақ басқа да қажетті ақпаратты кредиттік бюроларға беруі және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және талаппен Заемшы туралы кредит есептерін алуы;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Шартпен көзделген өзге де жағдайлар;
- 6) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес, Заем бойынша, соның ішінде Заемшы туралы ақпаратты Антифрод-орталыққа беру.

3. Заемшы Банк белгілеген ақпараттық қауіпсіздік талаптарын сақтауға, соның ішінде, бірақ олармен шектелмей:

- тек жеке құрылғыны және есептік жазбаны пайдалануға;
 - логинді, парольді, биометриялық деректерге қолжетімділік кодтарын немесе аутентификацияның өзге құралдарын үшінші тұлғаларға беруге жол бермеуге;
 - өз деректеріне рұқсатсыз кіруге, құрылғының жоғалуына немесе деректердің таралуына қатысты кез келген күдік туралы Банкке және/немесе Контрагентке дереу хабарлауға;
 - Контрагенттің және/немесе Банктің қосымшасының жұмысын бұзуға бағытталған әрекеттерді (бұзуға, сканерлеуге, деректерге қол жеткізуге әрекет жасау және т.б.) жүзеге асырмауға міндеттенеді.
- Заемшы ақпараттық қауіпсіздік талаптарын бұзған жағдайда, Банк және/немесе Контрагент:
- Заемшының Контрагенттің және/немесе Банктің мобильді қосымшасына кіруін тоқтата тұруға немесе тоқтатуға құқылы;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген шараларды қолдануға;
 - Заемшыны осы Шарттың талаптарына және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартуға құқылы.

Заемшы келесі жағдайлардың:

- есептік жазбаға қолжетімділікті үшінші тұлғаларға беру;
- оның есептік жазбасын пайдалана отырып жасалған рұқсатсыз операциялар;
- деректердің таралуына әкеп соққан қауіпсіздік талаптарының бұзылуы нәтижесінде Банкке келтірілген шығындар үшін толық жауапты болады.

8-бап. Хабарламалар

1. Банктің Заемшыға жіберген хабарламасы осындай хабарлама Заемшының Homebank.kz қаржы порталындағы жеке кабинетінде, Контрагенттің қосымшасында орналастырылғанда және (немесе) Банк тарапынан мынандай тәсілдердің бірімен:

- курьерлік немесе пошта қызметі;

- Өтініште заемшы көрсеткен электронды пошта;
- факс бойынша;
- мобильді және басқа телефон байланысы (Заемшының Өтініште көрсетілген сенімгерлік нөмірлерін және басқа нөмірлерін пайдалану), оның ішінде sms-хабарлама жолдау арқылы жіберілгенде тиісті түрде ресімделді деп есептеледі;

- Қосылу шартының 7-бабындағы ережелерді ескере отырып, бөлімдерде/бөлімшелерде/www.halykbank.kz электронды адресі бойынша Банктің вебсайтында, Банктің әлеуметтік желілердегі ресми сайтында, «Интернет-банкинг» жүйесінде, банкоматтарда, терминалдарда, тиісті ақпаратты орналастыру арқылы;

- Шарт жасасу кезінде және оның қолданылу мерзімі ішінде Қосылу шартының 7-бабының шарттары ескеріле отырып, Заемшыдан алынған ақпарат негізінде Заемшы сәйкестендірілген жағдайда Банкпен белгіленген тәртіппен және талаппен Заемшының әлеуметтік желілердегі парақшаларында хабарлама орналастыру арқылы;

- POS-терминалдың сауда түбіртегінде;
- push хабарландыруларын жіберу арқылы (ұялы телефон экранында пайда болатын қысқа қалқымалы хабарландыру) жіберіледі.

Заемшыға тікелей берген жағдайда ғана жеткізілген болып есептелетін, жеке қолға немесе курьер қызметі арқылы табыстлатын жазбаша талаптарды, курьер қызметінің Заемшы жеткізу мекенжайы болмауына байланысты жеткізу мүмкін еместігін растауын немесе Заемшының жазбаша талаптарды алудан бас тартуын қоспағанда, жазбаша талаптар жоғарыда көрсетілген тәсілдердің кез келгені арқылы, жазбаша талаптарды алғаны туралы Банк растау алусыз, жеткізілсе, жазбаша талаптар Заемшыға жеткізілген болып, ал Заемшы тиісті түрде хабардар етілген болып есептеледі.

2. Жеке талаптар/Төлем кестесі Homebank.kz қаржы порталындағы Заемшының жеке кабинетінде, Контрагенттің қосымшасында осындай Жеке талаптар/Төлем кестесі орналастырылғанда және (немесе) Банк келесі тәсілдердің бірімен:

- курьерлік немесе пошта қызметі;
- электронды пошта;
- мобильді және басқа телефон байланысы (Заемшының Өтініште көрсетілген сенімгерлік нөмірлерін және басқа нөмірлерін пайдалану), оның ішінде sms-хабарлама жолдау;

- Қосылу шартының 8-бабындағы ережелерді ескере отырып, «Интернет-банкинг» жүйесінде, банкомат, терминал арқылы;

- POS-терминалдың сауда түбіртегінде Банк тарапынан жіберілгенде тиісті түрде ресімделді және Заемшыға жеткізілді деп есептеледі;

3. Заемшы Банкке жіберген кез-келген хабарлама, егер ол келесі тәсілдердің бірімен:

- Банктің уәкілетті қызметкеріне қолхатпен қол қою арқылы жеткізу;
- курьерлік немесе пошта қызметі арқылы;
- осындай әдістермен жеткізу Шартта тікелей қарастырылған кезде басқа әдістермен жіберілсе, тиісті түрде ресімделіп, Банк қабылдаған болып саналады.

4. Хабарлама жіберу үшін басқа Тарап пайдаланатын байланыс деректері, Тараптардың деректемелері өзгертілген жағдайда, осындай өзгерістері болған Тарап бұл туралы басқа Тарапқа өзгеріс енгізілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде хабарлама жіберуі тиіс.

Банк Заемшының байланыс деректері және (немесе) деректемелерінің өзгеруіне байланысты Қосылу шартына сәйкес бұл туралы Заемшы Банкке жазбаша түрде хабардар етпегенде Банк жіберген хабарламаны Заемшының алмағаны немесе уақытында алмағаны үшін жауапты емес.

5. Егер жоғарыда көрсетілген әдістермен жіберілген ақпарат Заемшыға жеткізілді деп саналса, оның ішінде егер техникалық себептер бойынша sms-хабарлама және/немесе хабарлама электронды пошта мекенжайына және/немесе сенімді нөмірге, сондай-ақ Заемшының Банкке хабарлаған басқа телефон нөмірлеріне жеткізілмеген болса Банк жауап бермейді, егер жоғарыда аталған байланыс құралдарын пайдалану арқылы жіберілген хабарламалардың мазмұны Банктің бақылауынан тыс себептер бойынша үшінші тұлғаларға белгілі болуы мүмкін болса, Банк жауапты болмайды.

6. Заемшы хабарламаларды жіберу және (немесе) алу мақсатында жедел хабарлау құралдарын пайдаланумен, соның ішінде, бірақ онымен шектелмей: алаяқтық, жіберілген ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізу, Заемшының хабарламаны алмауы немесе уақытында алмауы, хабарламаны Заемшы немесе Банк алғанға дейін хабарламаларды жіберу немесе алу үшін пайдаланылатын жабдықты пайдалану кезіндегі ақаулардың салдарынан туындаған ақпараттың жоғалуымен байланысты тәуекелдерді өзіне алады.

7. Банк Заемшының Қосылу шартының осы бабының 6-тармағында көрсетілген жағдайларда Заемшының кез келген шығынына, егер Заемшы мұндай шығынның Банктің өз міндеттемелерін орындамағаны немесе қасақана орындамағанының нәтижесінен туындағанын дәлелдесе жауапты болмайды.

8. Банк міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алған кезде Заемшыға жіберетін хабарламаларға қатысты Қосылу шартының 5-бабы 4-тармағының 4.5-тармақшасында көрсетілген қағидалар қолданылады.

9-бап. Шарттың күшіне енуі. Өзгерістер енгізу тәртібі.

1. Қосылу шарты Банктің Интернет желісіндегі: www.halykbank.kz ресми веб-сайтында жариялануы тиіс және орналастырылған күннен бастап күшіне енеді.

2. Қосылу шартына өзгерістер мен толықтыруларды Банк өз қалауы бойынша, Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін және (немесе) заңнамадағы өзгерістерге байланысты біржақты тәртіпте қабылдайды және Банктің Интернет желісіндегі: www.halykbank.kz ресми веб-сайтында жарияланған күннен бастап күшіне енеді және аталған күннен бастап бекітілген Келісімге қолданылады.

3. Келісімге өзгерістер және толықтырулар енгізу Тараптардың қосымша келісім бекіту жолымен жүзеге асырылады.

4. Егер Шарт интернет-банкинг немесе Банктің өзге де электрондық арнасы арқылы жасалса, онда Заемшы қашықтағы байланыс арналары немесе ЭСҚ нысандарында ОТП-пароль қою арқылы Шарт жасасуға келісім берген сәттен бастап Шарт күшіне енеді.

5. Мыналар арқылы жасалған мәмілелер: Заемшының ОТП-парольді енгізуі; Homebank қаржы порталында Заемшының жеке кабинетінде және/немесе Контрагенттің қосымшасында электрондық хабарламалармен және құжаттармен алмасу; Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 152-бабына сәйкес тараптарды және олардың ерік білдіруінің мазмұнын айқындайтын өзге де тәсілдермен және құжаттармен алмасу тараптардың келісімі бойынша жазбаша нысанда мәміле жасауға теңестіріледі.

6. Қашықтағы байланыс арналарында Келісім жасасу кезінде Банктің қашықтағы байланыс арналарында Заемшыға келісім беруі оферта болып табылады. Келісімді акцептеуді Заемшы электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалана отырып, қол қою жолымен жүзеге асырады. Банк Заемшы Келісімге қол қойғаннан кейін Келісімде Банктің уәкілетті тұлғасының қолы мен мөрдің бейнесін көрсетеді, содан кейін Келісім жасалды деп есептеледі.

Тараптар осы тармақтың тәртібімен Келісім жасасу мәмілені тиісінше жасасу және Шарт жасасу болып табылатындығымен келіседі.

10-бап. Қорытынды ережелер

1. Қосылу шартында реттелмеген талаптар Келісімде айқындалады.

2. Қосылу шарты мен Келісім арасында қайшылық болған жағдайда, Келісім басымдыққа ие болады.

3. Қосылу шарты мен Келісімде реттелмеген құқықтық қатынастар Қазақстан Республикасының заңдарымен реттеледі.

4. Тараптар арасындағы келіспеушіліктер мен даулар Банктің немесе оның филиалының орналасқан жері бойынша сотта, Банктің қалауы бойынша (шарттық соттылық) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен шешіледі.

5. Шарт Тараптар үшін заңдық күші бірдей қазақ және орыс тілдерінде жасалады. Шарттың тілдік нұсқалары арасында қарама-қайшылық болған жағдайда оның ережелерін талқылаған кезде басымдық туралы мәселе Келісімге сай шешіледі.

11-бап. Терминдер мен қысқартулар

1. Қосылу шартында, Келісімде, сондай-ақ Қосылу шартының шеңберінде ресімделетін өзге де құжаттарда пайдаланылатын терминдер мен қысқартулар, егер мұндай құжаттардың мәтінінде егер басқа көзделмесе, мынандай мәндерге ие болады:

Акцепт	Заемшының Заем алу үшін Банк ұсынған талаптарды қабылдауға келісімін білдіруге бағытталған қашықтан байланыс арналарында жасалған Заемшының әрекеті
Банк	«Қазақстан Халық Банкі» акционерлік қоғамы

Сыйақы	берілген Заем үшін төлем
Грейс-кезең	Жоспарлы төлем күнін бір күнтізбелік күнге ауыстыру, оның ішінде Банк заем бойынша ай сайынғы төлем сомасын уақытылы төлемегені үшін тұрақсыздық айыбын және айыппұл санкцияларының басқа түрлерін есептемеуге құқылы
Сенімді нөмір	Homebank.kz қаржы порталында және/немесе Контрагенттің қосымшасында операция жасау үшін Келісімде көрсетілген СМС-код, ОТР паролі және т.б. жіберілетін құпиясөз, Заемшының ұялы телефон нөмірі
Шарт	Қосылу шарты, Келісім, Жеке талаптары жиынтықта
Қосылу шарты	Осы Кредит желісін беру (ашу) туралы келісімге қосылу шарты
Кредит желісінің қолжетімді сомасы	Заемшы Банктің талаптарын қанағаттандырған жағдайда, Кредиттік лимит шегінде, Кредит желісі шеңберінде Заемшы алатын сома
Қолжетімді қалдық	Бөліп төлеу арқылы сатып алу үшін берілген Револьверлік қосалқы лимит/Қосалқы лимит сомасы шеңберінде Заемшы пайдалана алатын қолжетімді сома
Берешек	Заемды өтеу, сыйақы төлеу, комиссиялық төлем, айыппұл, Банк тартқан шығынның (залалдың) өтелуі үшін Заемшының (ағымдағы және (немесе) мерзімі кешіктірілген) барлық/кез келген орындалмаған ақшалай міндеттемелері
Заем	Банктің жеке тұлғаларға, Құралдардың талаптарына сәйкес кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуға берген банктік заемы
Заемшы	Қосылу шарты, Келісім және (немесе) Жеке талаптар негізінде Заем алған және оны қайтару, Сыйақы және басқа да төлемдерді (болған жағдайда) төлеу бойынша міндеттемелерді қабылдайтын өтініш иесі
Өтініш иесі	Заем алу туралы Өтініш берген жеке тұлға
Өтініш	Өтініш иесі/Заемшы Банкпен жеке байланысқан кезде қағаз нұсқада немесе қашықтағы байланыс арналарын пайдалану арқылы электронды түрде ұсынған Кредиттік желіні/Заем беру туралы өтініш
Біржолғы заем	Банк Заемшыға Кредит желісі шеңберінде Картаға заем салуды көздейтін құрал
Жеке талаптар	Заем талаптары: Заемшы Банкке жеке немесе Қашықтағы байланыс арналарын пайдалана отырып өтініш білдірген кезде Банк қағаз тасығышта ұсынатын сомасы, мерзімі, Сыйақы мөлшерлемесі, өтеу тәртібі, төлем мөлшері және т.б.
Құрал	Банкте қолданыстағы, оның талаптары бойынша Заем беру жүзеге асырылатын кредиттеу бағдарламасы
Карта	ұстаушысына электронды терминалдар немесе басқа да байланыс арналары арқылы төлемдер және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыруға немесе қолма-қол ақша алуға немесе валюта айырбастауды және Банк пен оның талаптарымен айқындалған басқа да операцияларды жүргізуге мүмкіндік беретін ақпаратты қамтитын, Кредит желісінің Карт-шотына байланыстырылған дебеттік төлем картасы
Кредит желісі	Банктің Заемшыға Заемшының өзіне Заем алу және Заемдық операцияларды Келісімде белгіленген сома мен уақыт шегінде жүзеге асыру уақытын анықтауға мүмкіндік беретін міндеттемесі
Кредиттік скоринг	Өтініш иесінің/Заемшының кредит қабілеттілігін бағалауға және кредиттік тәуекелдерді бағалауға бағытталған іс-шаралар
Кредиттік лимит	Кредит желісі ұсынылуы мүмкін шекті максималды мән
Кредиттік карта	Банк Револьверлік қосалқы лимит және Бөліп төлеу арқылы сатып алу үшін қосалқы лимит ұсынатын, Банк Заемшыға шығарған төлем картасы

Жеңілдік кезеңі	Револьверлік қосалқы лимит бойынша негізгі борышты төлеу мерзімі, ол бойынша Банк сыйақы есептемейді немесе сыйақы стандарттыға қатысты төмендетілген мөлшерлеме бойынша есептеледі. Жеңілдік кезеңінің мерзімі Револьверлік қосалқы лимит сомасы/Револьверлік қосалқы лимит сомасының бөлігі пайдаланылған күннен басталады және Револьверлік қосалқы лимит/Револьверлік қосалқы лимит бөлігін беру Құрал талаптарына сәйкес жеңілдік шартымен жүзеге асырылған кезеңнің аяқталған күнімен аяқталады
Ең төменгі айлық төлем/ЕАТ	мөлшері тіркелген болып табылмайтын және Заемшы Есептік кезеңде пайдаланған Револьверлік қосалқы лимит сомасына байланысты болатын, Револьверлік қосалқы лимиттің (оның бір бөлігінің) пайдаланылған сомасын, Сыйақыны және өзге де төлемдерді (бар болса) өтеу есебіне Банкке ай сайын міндетті түрде төленуге тиіс ақша сомасы
Міндетті төлем	ССП-да сатып алу операциясы жасаалғаннан кейін, Шартта белгіленген тәртіппен Банк ұсынған ақпаратқа сәйкес Төлем кестесіне және Бөліп төлеу арқылы сатып алу үшін қосалқы лимитке сәйкес Біржолғы заем және Тауарлай заем бойынша Берешекті өтеуге Банктің пайдасына Заемшы төлейтін ақша сомасы
Овердрафт	Берілген Заем сомасынан Заемшының асырып пайдаланған сомасы
Негізгі борыш	Кез келген Құрал бойынша толық көлемде алынған Заем сомасы
Негізгі борыш қалдығы	Біржолғы заем, Тауарлай заем бойынша өтелмеген Негізгі борыш сомасы, Револьверлік қосалқы лимиттің, Бөліп төлеу арқылы сатып алу үшін қосалқы лимиттің пайдаланылған сомасы
ССП-да сатып алу операциясы	Бөліп төлеу арқылы сатып алу үшін қосалқы лимит шеңберінде ССП-та тауарларды, жұмыстарды немесе қызметтерді сатып алу мақсатында Кредиттік картаны пайдалану арқылы Заемшы жасаған төлем
Банк серіктесі	Банкпен ынтымақтастық туралы келісім жасасқан заңды тұлға, оған сәйкес Банк заңды тұлғалардың тауарларын сатып алу үшін Тауарлай заемын ұсынады
Дербес деректер	электронды, қағаз және (немесе) өзге материалдық нұсқада тіркелген дербес деректердің Субъектісі негізінде белгілі бір немесе анықталуы тиіс мәліметтер
Төлем кезеңі	Револьверлік қосалқы лимит немесе Бөліп төлеу арқылы сатып алу үшін қосалқы лимит бойынша Міндетті төлем бойынша Берешекті өтеу үшін ЕАТ төленуі мүмкін кезең аралығы. Револьверлік қосалқы лимиттің төлем кезеңі Есеп айырысу кезеңінен кейінгі күнтізбелік айдың бірінші күнінен бастап есептеледі және осы күнтізбелік айдың соңғы күнінде аяқталады. Бөліп төлеу арқылы сатып алу үшін қосалқы лимит бойынша төлем мерзімі Есеп айырысу кезеңінен кейінгі күнтізбелік айдың бірінші күнінен бастап есептеледі және осы күнтізбелік айдың 15-інде аяқталады.
Заемды өтеу	Заем сомасын (Негізгі борыш) өтеу және Заем бойынша сыйақыны, болған жағдайда басқа төлемдерді төлеу
Кәсіпкер	тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді қолма-қол ақшасыз тәртіппен төлеу үшін ССП-да Картаны және Кредиттік картаны қабылдау арқылы төлем жасауы мүмкін тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алатын заңды тұлға/жеке кәсіпкер, оның ішінде Банк серіктесі
Мерзімі өткен берешек	шартта белгіленген кезекті төленбеген төлемді өтеу мерзімі бұзылатын күн. Грейс-кезең берілген жағдайда, мерзімі өткен күн мұндай кезең берілгеннен кейін есептеле бастайды

ССП (сауда және сервис пункті)	Төлем карталарын (POS-терминал) пайдалана отырып төлемдерді қабылдауға арналған жабдықтар (құрылғы) орнатылатын Кәсіпкердің қызметінің орны
Кейінгі заемдар	Кредит желісінің шегінде, оның қолданылу мерзімінің ішінде Құралдардың бөлінісінде, кейін бірінші Заемды бергеннен кейін берілетін заемдар
Револьверлік қосалқы лимит	Карта операцияларын жасау арқылы Заемшы пайдаланатын, жаңартылатын Заемшының Кредиттік картасына Банк Заем беретін құрал
Кредит желісінің мөлшері	Барлық алынған және толық көлемде өтелмеген Заемның жалпы сомасының мөлшері
Есеп айырысу кезеңі	Револьверлік қосалқы лимит сомасын, оның бөлігін және Бөліп төлеу арқылы сатып алу үшін қосалқы лимитінің сомасын, оның бөлігінің сомасын пайдалану күніне қарамастан Револьверлік қосалқы лимит сомасы/оның бөлігі және Бөліп төлеу арқылы сатып алу үшін қосалқы лимит сомасы пайдаланылған бірінші күннен бастап соңғы күніне дейін күнтізбелік ай. Есеп айырысу кезеңі Револьверлік қосалқы лимит сомасы, оның бөлігі және Бөліп төлеу арқылы сатып алу үшін қосалқы лимитінің сомасы, оның бөлігінің сомасы пайдаланылатын күнтізбелік айдың соңғы күнінде аяқталады.
Келісім	Субъектінің Дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімі, кредиттік бюроларға мәліметтер беру және кредиттік бюродан кредиттік есеп алуға келісім, Кредиттік ұсыныстарды қалыптастыруға келісім
Сыйақы мөлшерлемесі	оған сәйкес Заемшы Заемды пайдаланғаны үшін Сыйақы төлейтін, Заем сомасына қатысты пайызбен айқындалатын сыйақы мөлшерлемесі
Келісім	Қосылу шартына сілтеме нормасы бар Заемшы мен Банк арасында бекітілетін Кредит желісін беру (ашу) туралы келісім
Жедел байланыс құралдары	Банк пен Заемшы арасында ақпарат алмасу құралдары: электронды пошта (e-mail), почта байланысы, «Интернет-банкинг» жүйесі, «SMS-банкинг» жүйесі, телебанкинг, телефон, факс, банкомат, POS-терминалдың сауда түбіртегі, терминал, Банк сайтында және Банктің ресми әлеуметтік желісінің парағында, «Homebank.kz» қаржы порталында және/немесе Контрагенттің қосымшасында хабарлама, Тараптар Келісімге қол қойған кезде Заемшыдан алынған ақпарат негізінде анықталған және Келісімнің қолданылу мерзімі ішінде, Банк анықтаған тәртіпте және шарттарда пайдаланылатын Заемшының әлеуметтік желілердегі парақшасындағы хабарлама
Бөліп төлеу арқылы сатып алуға арналған қосалқы лимит	Заемшы белгілі бір сома шегінде Кәсіпкерлерден тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді бөліп төлеу арқылы сатып ала алатын Құрал, оған сәйкес Банк Заемшының Кредиттік картасына Заем береді
Дербес деректер субъектісі	Дербес деректер тиесілі жеке тұлға
Тауарлай заем	Банк Заемшының сатып алған тауарларына, жұмыстарына және қызметтеріне ақы төлеу үшін Заемшының Картасына Заем беретін, кейіннен Картадан Заемшы тауарлар, жұмыстар, қызметтер сатып алған Кәсіпкердің шотына аударатын Құрал
Қашықтағы байланыс арналары	Homebank.kz қаржы порталы, Контрагенттің қосымшасы, банкомат, төлем терминалы, Банк серіктестерінің интернет-ресурстары
ОТР-пароль	Заемшының қолтаңбасына тең, жүргізілген операцияны растау үшін Заемшы пайдаланатын, Банк Заемшының сенімді нөміріне жіберген, бір аутентификация сеансына жарамды сандардың бірегей тіркесімі
Тараптар	Банк және Заемшы жиынтықта

SDK Halyk Widget	Банктің Сервистерінің Контрагент қосымшасымен интеграциясын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін бағдарламалық жасақтамасы. SDK Halyk Widget – бұл Банк бақылайтын, Контрагент қосымшасы арқылы қолжетімді, Заемшыға Homebank жүйесіндегі ақшасын Контрагент қосымшасы арқылы бақылауға мүмкіндік беретін жеке тұлғаларға арналған қашықтық банктік қызмет көрсетудің электрондық жүйесі.
Контрагенттің мобильді қосымшасы	мобильді телефонға және/немесе планшеттік компьютерге және/немесе SDK Halyk Widget арқылы Сервистермен интеграцияланған өзге де құрылғыға орнатылатын Контрагенттің бағдарламалық жасақтамасы;
Контрагент	Сервистердің Контрагенттің Мобильді қосымшасымен өзара іс-қимылы жүзеге асырылатын Банкпен тиісті ынтымақтастық туралы келісім жасасқан жеке және/немесе заңды тұлға(лар);
Банк қызметтері	Контрагенттің қосымшасын пайдалана отырып, Банк қызметтерін көрсету мүмкіндігін қамтамасыз ететін телекоммуникация құралдарының, цифрлық және ақпараттық технологиялардың, бағдарламалық жасақтаманың және жабдықтардың жиынтығы;

12-бап. Тараптардың деректемелері және қолы

Тараптардың деректемелері және қолы Келісімде көрсетіледі.